

ISSN 2073-333X

Международный научный журнал

Қазақстанның ғылымы мен өмірі **Наука и жизнь Казахстана** **Science and life of Kazakhstan**

№1 2020



Оспанов Марат Тұрдыбекұлы
**Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика
ғылымдарының докторы, профессор**

ЗАҢ ФЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

Алтынбеккызы А., Тлеулесова Б.Т.	
НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ И ЧАСТНОЙ СОБСТВЕНОСТИ.....	191
Апенов С.М., Жалғас Д.	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	196
Жумагулова Ш.Р., Абдикалыков А.А.	
БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ - ГЛАВНОЕ УСЛОВИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.....	203
Жунисбаева Г.Н., Джумабаева К.А.	
ҚАЗАҚСТАНДАГЫ ПРОБАЦИЯНЫң РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	208
Жунисбаева Г.Н., Джумабаева К.А.	
ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТИНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТУРҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАЙТА ӘЛЕУМЕТТЕндіру.....	212
Комаров О.Е., Жамулдинов В.Н.	
ГРАЖДАНИН КАК ОСНОВНОЙ СУБЪЕКТ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	217
Қалдарбекұлы Ә., Еркінбасова Л.К.	
ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ СТАТЬИ 84 ЗЕМЕЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ И ПРИНЦИПЫ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ОТЧУЖДЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД».....	224
Тапалова Р.Б., Даубасова С.Ш., Еркебаева Н.А., Толегенова А.А.	
О СТРУКТУРЕ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ДОКУМЕНТОВ.....	229
Төлепберген Ж.Т., Сундетова А.Н., Ертукешова Г.М.	
ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТОРЫНЫң ҮҚПАЛЫНА ТҮСПЕЙТІН СТУДЕНТТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	243
Төлепберген Ж.Т., Астраханов Э.Р., Жармаганбетова Қ.Т.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРДЫ ЖАРНАМАЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТТЕРІ.....	251

ӘЛЕУМЕТТАНУ ФЫЛЫМЫ – СОЦИАЛЬНАЯ НАУКА – SOCIAL SCIENCE

Мусашева Д.Қ., Калманова Г.Т., Айтжанова Ж.Е.	
ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫң ДАМУЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕНИҢ ЖАНГЫРУЫ.....	256
Молдин Б.А., Ергалиев М.Е., Утешева Г.Т.	
АККАГАЗ ДОСЖАНОВА И ЕЕ ВРЕМЯ.....	261
Мухамбетгалиева А.К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЕТСКИХ ДОМОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	266
Алауаханов Е.О. «КРИМИНОЛОГИЯ» ОҚУЛЫҒЫНА ПІКІР.....	270
Кайржанов А. «ШАКАРИМ. ПОИСКИ ИСТИНЫ И АБСОЛЮТНОГО ДОБРА» КІТАБЫНА ПІКІР.....	273
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS.....	278

Апенов С.М.,
зан ғылымдарының кандидаты,
халықаралық құқық кафедрасының доценті,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
E-mail: apenov68@mail.ru

Жалғас Д.
4 курс студенті,
Халықаралық Құқық мамандығы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
E-mail: dori.zhalgas@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақала Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексі бойынша процессуалдық келісім институтының мәселелеріне арналған. Осы институттың пайда болған жері ретінде АҚШ қылмыстық процесимен салыстырмалы талдау жүргізіледі. Макалада колданыстағы заңды жетілдіру мақсатында прокурордың процессуалдық келісім жасаудан бас тарту негіздерін нақтылау үсінілады. Авторлардың пікірінше, прокурордың процессуалдық келісімнен бас тартуның себебі, күдіктімен немесе сотталушымен процессуалдық келісімді жасаудың пайдасыздығын көрсететін, жасалған қылмыстың кінәлі адамның комегінсіз-ак ашылуы болып табылады.

Түйін сөздер: қылмыстық процесс, кінәні мойындау туралы келісім, процессуалдық ынтымақтастық, прокурор, күдікті.

ПРОБЛЕМЫ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО СОГЛАШЕНИЯ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация: Данная статья посвящена к проблеме института процессуального соглашения по Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Проводится сравнительный анализ с уголовным процессом США как место зарождения данного института. В целях совершенствования действующего законодательства в статье предлагается законодательного уточнения основания отказа прокурора от заключения процессуального соглашения. По мнению авторов, поводом отказа прокурора от процессуального заключения является раскрытия совершенного преступления без помощи виновного лица, что означает бесполезность заключения процессуального соглашения с подозреваемым или осужденным.

Ключевые слова: уголовный процесс, сделка о признании вины, процессуальное сотрудничество, прокурор, подозреваемый.

ISSUES OF PROCEDURAL AGREEMENT IN CRIMINAL PROCEEDINGS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation: This article is devoted to the problem of the institution of procedural agreement under the Criminal procedure code of the Republic of Kazakhstan. The comparative analysis with criminal process of the USA as a place of origin of this Institute is carried out. In order to improve the current legislation, the article proposes legislative clarification of the grounds for refusal of the Prosecutor to conclude a procedural agreement. According to the authors, the reason for the refusal of the Prosecutor from the procedural conclusion is the disclosure of the committed crime without the assistance of the guilty person, which means that it is useless to conclude a procedural agreement with the suspect or convict.

Keywords: criminal process, a plea bargain, cooperation procedure, the prosecutor, the suspect.

Қазіргі колданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық процессуалдық заңындағы елеулі жаңа ережелердің бірі ҚПК 13 болімінде қарастырылған «процессуалдық келісім жасалған істер бойынша өндіріс» болып табылады. Бұл болімде процессуалдық келісімнің скі түрі, яғни

612-617 баптарда кінәсін мойындау туралы келісім және 618-621 баптарда «ынтымақтастық туралы процессуалдық келісім» көлтірілген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі. [Электронды ресурс]: 2014 жыл 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі № 231-V ЗРК. Қол жетімділік режимі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.

Қазақстан Республикасы мұндай қылмыстық процессуалдық институтты шет елдердің практикасына алған. Біздін анықтауымыз бойынша кінән Процессуалдық келісімнің бір түрі кінән мойындау туралы келісім (plea-bargain) АҚШ қылмыстық процесінде пайда болған және осы елдің қылмыстық процесінің бір ерекшелігін билдіреді. Біздін бұл макаладагы мақсатымыз біріншіден, процессуалдық келісім түрлерінің шет елдік сипаттамасымен қарашалыты үкесе немесе айырмашылығы бар екендігін анықтау, екіншіден, бұл институттың проблемаларын анықтау, оларды тиімді шешу тәсілдерін ұсыну болып табылады.

Қылмыстық істерді осылайда тәртіpte қараудын, яғни кінән мойындау туралы келісімді немесе процессуалдық ынтымақтастықты қолданудың мақсаттары және себептері бірдей анықталады. Олар қазіргі құқыктық жүйесі дамыған болып саналатын елдердегі жи қолданылатын күдікті мен жәбірленушілік, сонымен катар күдікті, сottalushyмен сот-терге органдарының да арасындағы қатынасты бейбіт, жеңіл және жедел шешу болып саналады.

Американ қылмыстық процесі бойынша кінән мойындау туралы келісім айынталушының заңда корсетілгенен көрі женіл жазага тартылуы үшін тагылған айылты толық немесе ішін-ара мойында отырып, айылтау тарабының қорғану тарабымен келісім жасаудың білдіреді [Махов В. Н., Пешков М. А., 1998, 167-194 бб.]. Бұл елде жазаны женіл таяғындауга болатын бірнеше тәсілдер қолданылады. Олар: жасалған ауыр қылмысты женілірек қылмыс түрімен қайта квалификациялау, кейбір айынтауларды алып тастау, жауаптылықты ауырлататын жағдайға сілтеме жасамау, қылмыс жасау сатысын алғашқы сатыға ауыстыру, қылмыска катысуз формасын өзгерту, сотқа женілірек жазаны қолдануды ұсыну [Боботов С. В., 1989, 160-161 бб.].

Күдіктінің ез кінәсін оз ар-ұты алдында мойындаитындығынан болар, кейбір деректер бойынша АҚШ –тагы қылмыстық істердің 75-тен 90%-на дейінгі істерге осылайда процессуалдық тәсіл қолданылады [Уильям К. Брайсон, 1992, 175 б.]. Кінән мойындау туралы келісім Америкада құқыктық ережелермен реттелген болса, ал Англо-американдық құқыктық жүйенің отана және таратушысы болып саналатын Англия қылмыстық процесінде айылтаушы мен қорғанушының келісімі көсібін зангерлікке қайшы, қынтауга тұрмайтын тәсіл болып бағаланады [Апарова Т.В., 1996, 113 б.]. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін. Солардың бірі Bordenkircher v. Hayes (1978 ж.) ісі бойынша прецедентте келісім жасау туралы соғыс басталғаннан кейінгі прокурордың берген уәдесі сottalushy өзінің кіласін мойындаудан бас тартқан жағдайда да орындалуы керек деген шешім шығарылған [Criminal procedure, 1978, 501]. Алайда АҚШ округ сottarynдағы қылмыстық процесс бойынша Федералдық ереже айылтау және қорғану таралтарының араларындағы келісім процедурасын барыпша анық реттеуге тырысқан (IV болім) [Махов В. Н., Пешков М. А., 1998, 187-190 бб.]. Бұл болімнің ережесі бойынша сottalushy өзінің кінәсіз екендігін дайындық процедураларынан (карсы тараптың дәлелдемелерімен талысуз нәтижесінде кейбір немесе барлық айынтауларды зансыз деп тану туралы отиіш жасап айылтаудан бас тартканин) кейін мәлімдеген болса, онда істі сотта тыңдау басталады.

Енді ҚР КПК сойкес кінән мойындау туралы келісімнің сипаттамасына келер болсақ, онда мұндай келісім онша ауыр емес, ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар бойынша күдікті адамның көлтірілген күдікпен, айылтаумен келіскең жағдайында жасалады.

ҚР КПК 613-бабы бойынша кінән мойындау туралы келісімді жасау үшінн томенделгідей міндетті жағдайлар орын алуы керек:

1) күдікті, айынталушы процессуалдық келісім жасасуға инстін оз еркімен білдіруі керек;

2) күдікті, айынталушы көлтірілген күдікке, айылтауга және көнда бар дәлелдемелерге, озі келтірген зиянның түрі мен мөлшеріне дауласпауы керек;

3) жабірленуші процессуалдық келісімнің жасалуына карсы болмауы керек. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі. [Электронды ресурс]: 2014 жыл 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі № 231-V ЗРК. Қол жетімділік режимі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.

Бінтымақтастық туралы процессуалдық келісім қылмыстық топ жасаган қылмыстарды, езге де адамдар жасаган аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және терористік қылмыстарды ашу мақсатында күдіктімен, сottалушымен жасалады.

Кінені мойындау туралы келісім де, ынтымақтастық туралы келісім де прокурормен күдікті, сottалушының арасында жасалады. Мерзімі бойынша адам күдікті ретінде танылған кезден бастап, судья сот шешімін шыгару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенгі дейінгі аралықта жасала алды. Процессуалдық келісімдерді жасау мерзімі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіpte іс жүргізу практикасы туралы» 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 Нормативтік қаулысының 4 тармағында «Күдіктінің, айыпталушының, сottалушының не оның қоргауышының немесе прокурордың кінені мойындау туралы келісім жасасу жөніндегі өтінішхаты сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында – адамның күдікті мәртебесін алған сәтінен бастап, бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта – соттың кеңесу бөлмесін кетуіне дейін берілуі мүмкін» деп аныктаган. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 Нормативтік қаулысы. Қол жетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000004S>.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей процессуалдық келісімді жасаудың мақсаты тергеуді және істі сотта қарауды үнемді, бейбіт және жеңіл жүргізу, сонымен катар қылмысты толық ашу болып табылады. Қазақстандық сот-тергеу органдарының қызметкерлері де өздерінің енбектерінде процессуалдық келісімнің осы жақтарын атап көрсетеуде. Мысалы, Қанат Сырлыбаев процессуалдық келісімнің сот процессынде артықшылықтары келтіре отырып «Қазақстандық және шет елдердің сарапшылары атап өткендей, келісімдік ондірістің артықшылығы барынша женілдетілген сот ондірісінде уақытты үнемдеу орын алды. Мұнымен катар процеске қатысушылар да өз пайдасын көреді. Мысалы, сottалушыны сотқа дейінгі істі қарау мерзімінің қыскартылуы, процессуалдық келісімде көрсетілгеннен көрі артық жазаны сот тағайындаі алмайтындықтан женілірек жазаны алуы мүмкіндігі қанағаттандырады. Қылмыс жасады деп танылып айыпталған азamatтың әділ соттен келісім жасаған жағдайда сотта өзін қоргауға кететін ақша шығындарын үнемдей алатындығы да маңызды болып саналады. Процессуалдық келісім жасау кезінде айыпталуши келтірілген зиянның мөлшерін мойындайтындығын және келісімде белгілінген мерзімде өз еркімен қайтарыптығын ескере отырып келісімдік ондіріс институтының жәберленушінің мүдделеріне сай келеді деуге болады» дейді [Сырлыбаев К., 2016, 72 б.].

Жанат Абенова жалпы тәртіpte сотта қаралған қылмыстық істер мен келісімдік істерді салыстыра отырып, «келісімдік ондірістер бойынша үкім шыгару кезінде судья прокурордың сот алдында процессуалдық келісім бойынша ұсынып отырган жазаның түрі мен колемімен байланысты болмайды. Сот процессуалдық келісімде көрсетілген жазадан да жеңіл жаза қолдана алды. Сондықтан сottалушы, күдікті процессуалдық келісім жасай отырып, балтың санкциясында көрсетілген жазаның төмөнгі мөлшерінен де аз немесе процессуалдық келісімде белгіленген жазаның колемінен де томен жазага тартылуға есеп жасауға мүмкіндігі болады» дейді [Абенова Ж., 2016, 86 б.]. Бұл айтылғандармен катар жоғарыда аталған судьялардың анықтаулары бойынша сот процессуалдық келісімде көрсетілген жазаның мөлшерімен келіспеуі де мүмкін және жақадан процессуалдық келісім жасау үшін істі прокурорға қайтара алды. Ж. Абенованаң айтуынша қайтарылған істерді талдаудың мәліметтері бойынша келісімде көбінесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа сәйкес көлемейтін жазаны қолдану туралы көрсетілген. Соның ішінде халықтың денсаулығы мен адамгершілікке (есірткі заттарды өткізу), жеке адамға қарсы (әйел зорлау) ауыр қылмыстарға ҚҚ 63 бабын (шартты соттау) қолдану туралы ұсынылған [Абенова Ж., 2016, 87 б.].

Процессуалдық келісіммен келіп сотқа түсken істер бойынша үкім де қыскаша шығарылады. Үкімде судьялар сottалушы мен прокурордың арасында жасалған келісімді көрсетеді. Жәберленуші мен күелар сотқа шақыртылмайды және олардан сотта жауап алынбайды және осы жағдайлар істі қылмыстық істі қараудың мерзімін қыскартады. Мұнымен катар сот үкіміне жәберленуші, сottалушы, оның қоргауышы арқылы апелляциялық шагым берілмейді. Себебі ҚР ҚПК 613 бабы бойынша кінені мойындау туралы келісімді жасау үшін алдымен жәберленушінің келісімін алу керек. Жәберленушілер және олардың келісімі туралы жоғарыда аталған ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 12 тармағында «Егер

қылмыстық іс бойынша жабірленуші болып заңды тұлға танылса, онда кінәні мойындау туралы келісім жасасуға келісімді заңды тұлғаның осындай оқіллелтілік берген оқілі береді.

Кінәні мойындау туралы келісім қылмыстық іс бойынша жабірленуші – жеке немесе заңды тұлға жок болған кезде де жасалуы мүмкін (мысалы, есірткі заттарының заңсыз айналымы және тағы басқа істер бойынша).

Жалпы, процессуалдердің арасында кінәні мойындау және процессуалдық ынтымақтастық туралы келісімнің мағынасы мен ролі жоғары бағалауда. Соның дәлелі ретінде КР Жоғарғы Сотының судьясы Әбдирашид Жұкенов «Кінәні мойындау туралы келісім нысанындағы процессуалдық келісім және мұндай істерді келісімдік соттарда қарau практикада озінің тиімділігін көрсетті. 2015 жылы республика соттарымен үкім шығара отырып, 1 915 қылмыстық іс келісімдік ондірісте қаралған. Бұлар сот үкім шығарылған барлық істердің ішінен 3,3% құрайды. 2016 жылдың бірінші жартысының озінде-ак республика соттарымен үкім шығарыла отырып 1 181 іс келісімдік ондірісте қаралған, бұл барлық сот үкім шығарылған (14365) істердің 8,2 % құрайды» деген қылмыстық істерді осындай сот ондірісіндегі қараудың жиілій бастағандығы туралы мәлімет көлтіреді [Жұкенов Э., 2016, 64 б.].

Біз бұл сот қызметкерлерінің процессуалдық келісімнің мағі мен ролін жоғары бағалауда сыймен қараймыз. Ойткени 2014 жылғы ҚПК процессуалдық келісім енгізілгеннен кейін, тергеу органдарының тергеушілері тарапынан кінасін мойындау туралы келісім немесе процессуалдық ынтымақтастықты жасау туралы жай ескерту емес, құдікті адамды үгіттеу, кейде қысым жасау байқалуда. Жоғарыдағы Э. Жұкеновтың көлтіріп отырган статистикалық мәліметтерінің ішінде осындай қысымның иттихесін де болуы мүмкін. Біз мұндай жайттар туралы статистикалық мәліметтер дайындалмайтындықтан, бұл туралы ресми ақпарат көлтіре алмаймыз. Біз бұл сөзді сот-терге органдарында қаралған бейресми мәліметтерге сүйеніп айтып отырмыз. Бұл мәселеде процессуалдық келісімді жасау туралы ұсынысты жасаудың процессуалдық тәртібін қарастыру қажеттілігі туындарды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіpte іс жүргізу практикасы туралы» Нормативтік қаулысының З тармакы бойынша «Кінәні мойындау туралы келісім құдіктінің, айыпталушының, согташушының немесе оның қорғаушысының отінішхаты бойынша не прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін. Қорғаушының отінішхаты бойынша немесе прокурордың бастамасы бойынша кінәні мойындау туралы келісім жасасу кезінде құдіктінің, айыпталушының осындай келісімді жасасуды қалайтынын ерікті түрде білдіру үшін сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық істе тиісінше анықталуға және тіркелуге тиіс» деген ереже көлтіреді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 Нормативтік қаулысы. Кол жетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000004S>. Негізінде процессуалдық келісімнің қылмыстық процестегі, оның ішінде сотқа дейінгі тергеу сатысындағы мағынасы, тергеушінің, анықтаушының құдікті адамға прокурормен процессуалдық келісім жасауда мүмкіндігі бар екендігін және оның сот шешімі шығарылғанда ескерілетіндігін ескеруін білдіреді. Сотқа дейінгі тергеуді жүргізіп отырган адам немесе істі сотта қарастырылғанда прокурор процессуалдық келісім жасауда бірінші болып ұсыныс білдірғен жағдайда, онар оздері толық аша алмаган қылмыстық істі толық ашу үшін осындай келісімді ұсынуы мүмкін. Құдіктің процессуалдық келісім жасау туралы ұсынысты қорғаушыда жасай алады. Құдікті адам қылмыстық процесте сенімді кобірек қорғаушысына артады. Сонымен қатар құдікті заңда процессуалдық келісім түрлерінің бар екендігін және оның иттихесі кейін істі сотта қарастырылғанда он ассо еттіндігін қорғаушысы арқылы білмесе, ондай келісімнің бар екендігін біле бермеуі де мүмкін. ҚПК 67 бабы I болімінің 11 тармақшасы бойынша процессуалдық келісім жасау туралы ұсыныс білдірілген және осындай келісім түрі жасалған істерге қорғаушының катысуы міндетті болып табылады. Заңың мұндай талабын құптауга болады, себебі қорғаушысыз келісім жасалып, іс жүргізілген жағдайда тергеуші тарапынан құдіктің әріүрлі арандатушылыққа үшіндеру, алдауга түсін мүмкін. Сондықтан процессуалдық келісім жасау барысында және онан кейінгі сатыларда қорғаушының процеске катысуы құдіктің құқықтарының бұзылмауына жағдай жасайды. Алайда қорғаушы оз қорғаудың адамының кіналі немесе кінасіз екендігіне козі жетпей тұрып процессуалдық келісімге жасау туралы оған ұсыныс жасамауы керек. Құдікті, сотталушы кем дегенде қорғаушысының алдында оз кінасін

мойындағай тұрып, оны процессыалдық келісімге итермелуе, бұл қорғаушының кәсіби этикасына, процессыалдық позициясына қайши келеді. Сондыктан бұл жағдайды қорғаушыға шектеулер белгілейтін ҚПК 70 бабының 5 болімінде анық корсеткен жөн. Заңың бұл аталған болімінде озінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да бір әрекетті жасауга құқылы емес екендігі корсетілген. Бірақ заңың бұл сөзінен процессыалдық келісімді жасауга қорғаушының құдіктіңі, сottalushyni negizsiz urgiteu, olardyn muddelerine tekeli қайши екендігі анық көрінбейді. Басқаша айтқанда, қорғаушының осындай ұсынысты негизсіз, яғни адамның кінәлі екендігіне козі жетпей тұрып жасауының өзі, оның қорғауындағы адамның мүддесіне сай деп бағалануы немесе бұрмалануы мүмкін. Сондыктан Заңның жогарыда аталған болімінде қорғаушының да процессыалдық келісімді жасауды өз қорғауындағы адамға ұсына алатындығын ескере отырып, «қоғаушы қорғауындағы адамның кінәлілігіне сенімі болмаған жағдайда процессыалдық келісімді жасау туралы ұсыныс білдіруге» құқылы еместігін тікелей көрсеткен дұрыс.

Сонымен бұл ұсыныстың мағынасы, қорғаушының құдіктіңі, сottalushyni жазага тартылатындығына көзі жеткен болуы, соныктан оның жауапкершілігін женилдетіп тағайындауга көмектесу үшін прокурормен процессыалдық келісім жасауга мүмкінді бар екендігін құдіктіге хабарлау болып табылады. Басқаша айтқанда қорғаушы мүндай жағдайда процессыалдық келісім жасауды ұсынбайды, тек ондай мүмкіндіктің бар екендігін ескертеді.

Кінән мойындау туралы келісім және ынтымақтастық туралы келісімнің жасалғанда екі жакты міндет пайда болады. Яғни құдікті, сottalushy қылмысты ашуға, дәлелдемелерді табуға көмектесуге міндеттегенді, ал прокурор жазаңың түрі мен мерзімін сotta женіл түрдө тағайындауга ұсыныс жасауга немесе жазадан босаттыруды сұрауга міндеттегенді.

Процессыалдық келісім жасалған қылмыстық істер сotta келіп түскенде олар ҚПК 64 тарауында белгіленгендей келісімдік тәртіpte қаралып, істі сotta жалпы тәртіpte қараудың көптеген процедуралары орындалмауы мүмкін. Мысалы қуәларды шакыртып жауап алу, дәлелдемелерді қарастыру және т.б. Мүндай тәртіpte істерде сotta қарастыру кезінде сот процессыалдық келісімнің талаптары орындалғандығына көз жеткізуі тиіс. Егер процессыалдық келісім жасалған қылмыстық істер бойынша сottalushy сotta келіспейтіндігін білдірсе, онда сottы келісімдік тәртіpte қарастыру жағдайда қолданылмайды.

ҚР ҚК 67 бабы бойынша процессыалдық келісімнің барлық шарттарын орындаған адам жазадан босатылуы мүмкін. Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электронды ресурс]: 2014 жыл 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі № 231-V ЗРК. Қол жетімділік режимі: <http://adilei.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

ҚР Жоғарғы Сотының «Сottардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіpte іс жүргізу практикасы туралы» нормативтік қаулысының 14 тармағы бойынша «Кінән мойындау туралы келісімді жасаған кезде прокурор орган құдіктіңін, айыпталушының өз кінәсін мойындау шарт деп тануға құқылы емес. Кінән мойындау туралы келісімде ҚПК-нің 613-бабы бірінші болігінің 2) тармағының сәйкес құдікті, айыпталушы келтірілген құдікке, айыптауга және жасалған қылмыс туралы істері бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен молшеріне дауласпаганың көрсету жеткілікі болып табылады». Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 Нормативтік қаулысы. Қол жетімділік режимі: <http://adilei.zan.kz/kaz/docs/P160000004S> [6].

Біздің байқауымызша Қылмыстық процессыалдық кодекте процессыалдық келісімді прокурордың ұсынуы және құдікті немесе сottalushy өзі ұсыныс жасағанда прокурордың мүндай келісімнен, ынтымақтастықтан бас тартуы туралы нактылауды қажет ететін жағдайлары бар.

ҚПК 615 баптың 4 болімі бойынша прокурор кінән мойындау туралы келісім жасаудан бас тартады. Заңың бұл болімінде «прокурордың процессыалдық келісім жасаудан бас тартуына шағымдануға болмайды, бірақ бұл жағдай алдагы уақытта келісім жасауга кедегі бола алмайды» деп корсетілген. Сонымен катар ҚПК 620 баптагы прокурордың процессыалдық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту тәртібінің 3) тармағында ынтымақтастық туралы процессыалдық келісімді бекіту немесе одан бас тарту туралы қаулы шыгаратындығы айтылған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі. [Электронды ресурс]:

2014 жыл 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі № 231-В ЗРК. Қол жетімділік режимі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.

Демек, заң бойынша прокурор процессуалдық келісімдерді жасаудан бас тарта алады. Бірақ заңда прокурордың процессуалдық келісімді жасаудан бас тарту негіздері туралы айтылмаган.

Біз бұл жерде заңның аталған ережелеріне қатысты оз шеніміміз, і корсетуден бұрын оз түсіндірмемізді бергіміз келеді.

Кейде практикада қылымыс процессуалдық келісіміз-ак толық анылатын кездер болады. Мұндай жағдайда құдіктінің, сottалушының кінасін мойындауының немесе процессуалдық ынтымақтастық барғысы келуінің құны, мағынасы болмайды. Мұндай жағдайда егер прокурор сottалушының кінасін толық дәлелден, қылымысты толық аша отырып, істі сотқа экеліп отырган болса, онда сотта кінасін мойындау туралы келісім жасаудың не қажеті бар немесе сottалушының сот алдында оз кінасін мойындауының маңызы бар ма деген сұрап туындаиды. Бұл жерде, егер сottалушының келісіміңіз оның кінасі толық дәлелденген болса, онда процессуалдық келісімді жасаудың негізсіздігі байкалады. КПК бойынша сотта істі қарau кезінде сottалушы кінасін мойындау туралы келісім жасағысы келетіндігін мәлімдесе, онда судья істі қарauды қысынды мерзімге тоқтатып, прокурормен сottалушының арасында келісім жасаута уақыт беруі керек. Мұндай жағдайда жоғарыда аталған нормативтік қаулы бойынша іс сотта қалады. Алайда, судьялардың келтірғен практикалық материалдары бойынша істі сотта қарau кезінде прокурорлардың процессуалдық келісімді жасаудан бас тартатын кездері кездесседі. Сottалушы осындағы жағдайда процессуалдық келісім жасаута қайталаі тілек бләдірмесе, онда қылымыстық істі сотта қарau жалпы төртінші жүргізіле береді. Алайда прокурор істі сотта қарau кезінде процессуалдық келісім жасаудан бас тартатын болса, онда жауапты сот және сottалушы, оның корінушысы алдында негізделген түрде беруі керек деген пікір кездесседі [Абенова Ж., 2016, 87 б.]

Бұл келтірілген деректерден прокурордың процессуалдық келісім жасауга баруының негізі, келісім жасалған жағдайда оның іске белгілі бір деңгейде пайдасты гиуі керек екендігін түсінуге болады. Сондыктан сотқа дейінгі теріс өткізу сатысында болсын, істі сотта қарau кезінде болсын, прокурор іс толық анылмagan немесе анылмай кеткен басқа қылымысты әрекеттері бар деген күдік болған жағдайда баруы керек. Яғни процессуалдық келісімнен прокурор оз позициясына сай келетіндій пайда іздеуге күккызы. Ал егер сottалушының кінәні мойындауының немесе процессуалдық ынтымақтастық туралы келісіміз қылымыс толық анылған, қажетті дәлелдемелер жеткілікті жиналан болса, онда мұндай келісіміңің құны болмайды және осындағы негізде прокурор келісім жасаудан бас тарта алады. Прокурордың процессуалдық келісімнен бас тарту туралы шешімі себептері көрсетіле отырып, негізделген қаулы түрінде шығуы тиис. Сондыктан жоғарыда аталған балтын тиісті болігінде прокурордың процессуалдық келісімнен бас таруының себептерін көрсетіп, заңын бұл болігін келесідей мазмұнда бейнелеу үсінілады. Прокурор процессуалдық келісім жасалмай түрші қылымыстық құқық үзүншілік толық анылған және құдіктіңіз, сottалушының кінасін аныктайтын дәлелдемелер жеткілікті деп санае, онда оз процессуалдық келісім жасаудан бас тарта алады.

Біз жоғарыда кінәні мойындау туралы келісімнің Американ қылымыстық процессинен пайда болғандығын және ол елдін құқыны бойынша ерекшеліктерін келтірғен болатынбыз Отандық қылымыстық процессуалдық құқыктан кінәні мойындау туралы келісім бойынша аз-кем мәліметтер келтірғенен кейин, салыстырмалы бағалау келтіріледі жоғарыда отырмыз.

АҚШ және Қазақстан қылымыстық процесстеріндегі кінәні мойындау туралы келісімнің шарштары бір-біріне үксамайтындығын байкауга болады немесе ол ендегі жасалған ауыр қылымысты женил қылымыса ауыстыру (мысалы, тонау қылымыса жасалған болса оны үрлік қылымысина ауыстыру), аяқталған қылымысты қылымыса дайындау немесе оқталу деп квалификациялан, жецилірек жаза қолдануға жағдай жасау, қылымыса қатысу формасын озгерту (мысалы үйимдасқан қылымыстық топқа қатысан адамның әрекеттерін жай қылымыса қатысу деп бағалау) Қазақстанда қолданылмайды. Бұл дүрыс. Себебі істің мән-жайларын толық біле отырып қылымысты әрекетті жауаптылықты жеңіл түрде қолдануға болатын басқа баппен квалификациялау бізде заңдылық қагидастың бұзу ретінде бағланады. Заңдылық

каптасы – бұл заң ережелерін (нормаларын) көтесіз, бүрмаламай, дұрыс колдануды білдіреді және заңды адейі бүрмалап колдану қауіптілік деңгейіне караї әр түрлі құқықтық, соның ішінде қылмыстық жауаптылықта соктырады. Ал АҚШ қылмыстық процесіндегі прокурордың сот алдында сонталушыға жеңіл жаза тағайындауды сұрауы, Қазақстан қылмыстық процессуалдық заңындағы келісім жасаудың шартына сәйкес келеді.

Сонымен, Қазақстан және АҚШ елдерінің қылмыстық процессуалдық құқығындағы келісім жасау институтының мақсаты, процедурасы сәйкес келеді, бірақ процессуалдық келісім жасау шарттарының көпшілігі сәйкес келмейді деген шешім жасайтын.

Қорытындылай айтқанда, қазіргі КР Қылмыстық процестік кодексінде шет елдердің ұтымды, прогрессивті заң практикалары жеткілікті кездеседі және олардың барлығы қылмыстық процессуалдық заңын міндеттері мен максаттарын тиімді жолдармен, яғни адам құқықтарын корғау, оларға мүмкіндік беру арқылы іске асыруға бағытталған. Қазіргі КР қылмыстық процессуалдық заңын негізінен сапалы және практикалық түргыдан колдануга икемді институттар мен нормалардан құралған, бірақ олардың осы мақалада ұсынылғандай жетілдіруді кажет ететін нормалары бар деуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Абенова Ж. Процессуальное соглашение или сделка с прокурором // Зангер. 2016. № 3 (176). – С. 86-88.
- 2 Апарова Т. В. Суды и судебный процесс Великобритании. Англия, Уэльс, Шотландия. – Москва: Институт международного права и экономики. Издательство «Триада, Лтд» 1996. -157 с.
- 3 Боботов С. В. Буржуазная юстиция. Состояние и перспективы развития. – Москва: Наука, 1989. -253 с.
- 4 Жукенов А. Институт процессуального соглашения в судебной практике // Зангер. 2016. № 8 (181). – 63-65.
- 5 Махов В. Н., Пешков М. А. Уголовный процесс США. – Москва: ЗАО Бизнес школа «Интел-сингез» 1998. -208 с.
- 6 Сырлыбаев Канат. Институт согласительного производства: зарубежный опыт // Зангер. 2016. № 7 (180). – С. 71-72.
- 7 Criminal procedure C. 501
- 8 Уильям К. Брайсон. Американская судебная система // Верховенство права – Москва: Прогресс, 1992. -228 с.